



ХҒТАР 14.35.21

Ғылыми мақала

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2024-148-3-55-73>

Жастарды оқытудың түрлі кезеңдерінде білім беру процесін экологияландыру: құндылық-мотивациялық негіздер

Г.К. Длимбетова¹, К.Н. Булатбаева², С.У. Абенова¹, С.А. Тайбулдинова¹

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

²Ы. Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы, Астана, Қазақстан

(E-mail: gainid@mail.ru, kulzhanat.bulatbayeva@mail.ru, sauleta_astana@mail.ru,
saniya9599@gmail.com)

Аңдатпа. Экологиялық саясаттың ұстанатын басты бағыты – үздіксіз экологиялық білім беру арқылы қоғамның барлық құрылымдарын қамтитын жүйе қалыптастыру. Бұл ретте оқытудың әрбір кезеңінде білім алушылардың алдыңғы кезеңдегі қол жеткізген нәтижелеріне есеп жүргізіледі. Сәйкесінше, жаңа экоурпақ қалыптастыру үшін білім алушылардың экологиялық бағдарлы іс-әрекетін дамыту маңызды болып табылады. Білім алушылардың меңгерген білімі тәжірибеге бағытталған экологиялық құзыреттілік арқылы тағандалуы тиіс. Мақалада авторлар мектеп кезеңінен бастап, техникалық пен кәсіби және жоғары білім алу кезеңіндегі, сонымен бірге магистратура мен докторантура кезеңіндегі білім беруді экологияландыру мазмұнының сабақтастығын қарастырады. Дидактиканың оқытудағы сабақтастықты сақтау принципі оның білім алушылардың жас ерекшелігін есепке алу принципімен, тұлғаның дамуындағы психологиялық қырын ескеру принципімен және тағы да басқа принциптермен байланысты болуын көздейді. Мақалада ұсынылып отырған материалдар осы айтылған мәселеге орай, білім беруді экологияландырудың сабақтастығы туралы идеяны келешекте білім мазмұны арқылы, оқыту процесінде және оқыту нәтижелерін әзірлеу арқылы дамытуға мүмкіндік береді. Зерттеудің практикалық маңызы ұсынылып отырған оқытудың түрлі кезеңдерінде білім беру процесін экологияландырудың типтік мазмұндық моделі негізінде танылады.

Түйін сөздер: экологияландыру, «жасыл мектеп», «жасыл колледж», «жасыл университет», экологияландырудың типтік мазмұны, экоеріктілік, құндылықтар, мотивтер және қызығушылықтар, мүдделер.

Кіріспе

Интеграция процесінің, барлық салалардағы жекелеген құрылымдардың өзара әрекеттесуінің заманауи кезеңінде жаңа мәнге ие болып отырғанын көруге болады. Ол мән, тұтастай алып қарастыратын болсақ, синергетикалық әрекетке және синергетикалық нәтижелерге жетелейді. Мәселе бойынша зерделенген ғылыми әдебиеттерді талдау негізінде «синергия» сөзінің синонимдік қатары алтыға дейін жететінін көрсетті. Олар:

- ынтымақтастық;
- біріккен әрекет;
- синергизм;
- синергиялық;
- синергиялық байланыс;
- табысты біріккен күш [1].

Біздің тарапымыздан әзірленіп жатқан «Жасыл мектеп – жасыл колледж – жасыл университет» моделі де білім мазмұнын экологияландыруды жүйелеу мақсатында білім берудің барлық деңгейлерінің өзара тығыз байланыста болып, үйлесімді әрекет етуін қажет етеді. Жастардың экологиялық іс-әрекетте белсенділігіне және экологиялық функционалды сауаттылығына мүдделі болуымыздың себебі білім беру парадигмасының жаңа сатыға көтерілуімен, заманауи білім беру стандарттарына ауысуымен байланысты танылады. Жеке тұлғаның функционалдық сауаттылығының қалыптасуы, ең алдымен, оның өз Отанына деген, атап айтқанда, атамекеніне, ауылына, қаласына, одан тұтас еліне деген азаматтық көзқарасын, түптеп келгенде, өзі өмір сүріп отырған осынау Әлемге деген адами азаматтық қатынасын қалыптастыру оның Әлем Адамы болмысы қалыптасуына алып келетін игілікті жол болып табылады.

Осылайша, экологиялық сауаттылық дегеніміз жеке тұлға санасының белгілі бір мекеннің азаматы деңгейінен Әлем азаматы дейінгі деңгейге өсу жолын танытатынын айқын көре аламыз. Оның үстіне, Жердегі Тіршілікті сақтау мәселесінің аса өзектілігі біздің планетамыздың барлық аймағында өмір сүріп отырған бүкіл азаматтардың экологиялық қозғалыстың түрлі бағыттарында белсенді әрекет етуін талап етеді. Оларды атап көрсететін болсақ, өндірістік ұйымдардың табиғатқа қарсы әрекеттерін болдырмау, қалдықтарды жою мәселелерін шешу, күнделікті қоқыстарды сұрыптау бойынша тұрғындарды үйлестіру және басқару, полиэтилен пакеттерін қолданыстан жою, қағазды ағаш шикізатының өнімі ретінде үнемдей білу, ұйымдардың қызметін жаңартылатын энергия көздерін пайдалануға көшіру және т.б. Осының өзі жергілікті сипаттағы экологияның бұзылуынан туындайтын жаһандық экологиялық мәселелер болып табылады.

Экологиялық заңдар мен ережелердің тұс-тұстан көрініс тауып отырған бұзылуын тоқтату, болдырмау шаралары да қоғамның түрлі салаларының әрекетінен туындап, көпқырлы, жан-жақты болуы тиіс. Бұл мәселе, өз кезегінде, адамның экологиялық жауапкершілік деңгейін, мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруға көптен-көп байланысты болады.

Көрсетілген мәселелер барлық жерге тән болғанымен, әр аймақ тұрғындарының экологиялық белсенділігі әр түрлі. Оның үстіне, қандай да бір елдердің белгілі

халықаралық экологиялық ұйымдарға қатысуының сандық көрсеткіштерінің түрлі болуының өзінен-ақ, сол аймақ тұрғындарының табиғатты қорғаудағы белсенділік дәрежесінің олардың экологиялық санасының қалыптасуына тікелей байланысты екенін көру қиын емес. Айталық, түрлі континенттерде барлық елдер тегіс қосылмаған түрлі халықаралық ұйымдар қызмет ету үстінде [2].

Үлгі ретінде атап өтсек, Еуропалық Одақтың (ЕО) қоршаған ортаны бақылау желісін құрып, ортаның жай-күйі туралы сенімді және тәуелсіз ақпаратты қамтамасыз етуші Еуропалық қоршаған ортаны қорғау агенттігі (ЕЭА) (ағыл. European Environment Agency - ЕЕА). оның штаб-пәтері Даниядағы Копенгаген қаласында орналасқан. 2013 жылғы дерекке сүйенетін болсақ, бұл Агенттіктің құрамындағы 33 мемлекеттің ішінде Еуропалық Одақтың 28 мемлекеті және тағы 5 мемлекет, Түркия, Швейцария, Исландия, Лихтенштейн, Норвегия кірген. Қазіргі уақытта тағы 6 ел, атап айтқанда, Албания, Босния, Герцоговина, Югославияның бұрынғы құрамында болған Македония, Сербия және Черногория, осы Агенттіктің құрамына кіруге дайындалуда.

Сондай-ақ, Гринпис халықаралық ұйымының құрамына да әлемнің барлық елдері енбеген. Бұл ұйымның 1971 жылы Канадада құрылғаны белгілі. Сол кезден бастап бұл ұйым Солтүстік және Оңтүстік Америкадағы барлық елдерге кең таралған. Азияда осы ұйым, Еуропадан да кең таралғанын атап кету керек. Океания мен Австралияда Гринпистің филиалдары көптеп саналады. Бұл ұйымның аз тараған жерлері ретінде Африка мен Антарктиданы атауға болады [3]. Осылайша, қандай да бір ел тұрғындарының белсенділігі жөнінде қолға тиген нақты деректер өсіп келе жатқан ұрпақпен, өндірістік, гуманитарлық және әлеуметтік қызметтің түрлі салалары бойынша дайындалатын болашақ мамандармен жүргізілетін жұмысты бір жүйеге түсіру қажеттілігін айқын танытады.

Осымен де байланысты, Қазақстан халқын экологиялық тұрғыдан белсендіру жұмысын жастар экологиялық қозғалыстары – эковолонтерлік арқылы белсендіру мәселесі қазіргі уақытта күн тәртібіне өзектілігімен қойылып отыр. Өйткені, заманауи экологиялық белсенді көзқарастары қалыптасқан жастар ертеңгі күні өндірістерде еңбек етіп, елімізде экологиялық қызметті жандандыруға белсене араласатын болады. Экологиялық саналылығы мен экологиялық мәдениеті қажетті дәрежеде қалыптастырылған жас маманның әрқайсысы өз аймақтарында, өздері қызмет ететін орындарында экологиялық іс-әрекеттерін белсендіріп, әрдайым осы бағытты қадағалауға дағдыланады. Осының ізімен, жаңа буындағы экоұрпақты қалыптастыру үшін білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың, олардың экология-бағдарлы іс-әрекетін дамытудың маңыздылығы алдыңғы орынға келіп шығады. Білім алушы жастардың меңгерген экологиялық білімі мен үйренген экологиялық дағды-біліктері олардың практика-бағдарлы экологиялық құзыреттілігін тағандап бекітетін негізге айналуы тиіс.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларына «экологиялық білім беру» бағдарламасын енгізу жөніндегі берген тапсырмасы осындай өмірмен тікелей байланыстылығы айқын жүйені жасауға қарай басталған маңызды қадамдардың бірі болып табылады [4]. Осы бағыттағы

тағы бір айтарлықтай маңызды қадам сол кездегі еліміздің Экология, геология және табиғат ресурстарының министрі болған М.Мырзағалиевтің: «... еліміздің басшылығын, біздің министрлікті алаңдататын маңызды мәселелердің қатарында тұрғындардың экологиялық мәдениеті мәселесі тұрғанын атап кетеміз. Бұл тұста қазақстандықтардың экологиялық мәдениетін бала кезден бастап дамыту керек. Экологиялық білім беру мәселесі, бүгінгі күні аса өзекті болып отыр. Жас ұрпақты өзін қоршаған ортаға деген жауапкершілік сезіміне, гуманистік, аялы көзқарас пен қолдауға тәрбиелеуіміз керек...» [5], - деген сөздері арқылы да көрініс тауып отырғанын атап кетеміз.

Қазақ халқының ұлттық дүниетаным аясында экологиялық мәдениетті бала кезден қалыптастыру жүйелі түрде жүргізілгені белгілі. Оның көрінісі қазіргі уақытта сақталған халық ауыз әдебиеті үлгілері мен қазақ ұлттық педагогикасындағы тәрбиелік қағидалардың мазмұнында сақталған тыйымдар, дидактикалық сарындағы насихаттарда сақталған. Мысалы, «Тұма көрсең көзін аш» (тұма - бұлақ) деген қағида табиғат пен адамның экологиялық қатынасынан өсіп, рухани аяға, яғни адам мен қоғамның арасындағы қатынастағы қолданысқа еніп кеткенін атауға болады. Яғни талантты көрсең, оны қолда деген мағынаны білдіреді. Осыдан келіп, «Адам - Табиғат - Қоғам» жүйесінің біртұтастығы мәселесін де білім беруді экологияландыру процесінде әрдайым назарда ұстау керектігі түсініледі.

Міндеттер

Өмірдің алға қарай дамуға бейім озық және прогрессивті күштерінің ағынына түсе отырып, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің базасында экоклуб құрылды. Мақсатымыз да айқын, яғни Қазақстандағы экологиялық қызметтің жүйелі жүргізілуіне өз үлесімізді қосуға мүдделіміз. Экологиялық волонтерлік клубы қазіргі уақытта студент жастарға экологиялық білімді көпшілікке кең тарататын сенімді насихаттаушы платформа ретінде экологиялық білім саласын интеграциялаушы орталыққа айналып отыр. Клубтың негізгі функциясы түрлі мамандық бойынша оқып жүрген, экоеріктілер қатарында болғысы келетін студенттердің басын біріктіру; картотекалар жасап, түрлі бағыттар бойынша электрондық форматтағы экологиялық материалдарды жинау; экологиялық мәселелер мен функционалдық бағыттарды талқылау; шешілуі тиіс міндеттерді экологиялық іс-әрекеттердің бағыттары бойынша бөлу. Клуб жастарды ерікті негізде біріктіре отырып, олардың азаматтардың қолайлы қоршаған ортаға құқықтарын мүлтіксіз сақтауға бағытталған функционалдық сауаттылығы мен білімін одан әрі тереңдетуге жұмылдырады.

Зерттеу жұмысымыздың **мақсаты** – жастардың экоеріктілер қозғалысын кең таратып, насихаттауды үздіксіз дамытуға мүмкіндік беруді көздейтін экологиялық волонтерлерге білім беру процесінің мазмұнын және олардың белсенді экологиялық іс-әрекетін модельдеу. Ол модель өзінің болмысында күрделі және білім беру бағдарламаларын жаңартумен байланысты ішінара трансформацияланатын процесті білдіреді.

Университетте экоеріктілер қозғалысын ұйымдастыруда барлық мамандық бойынша дайындалып жатқан студенттерді қамту көзделген. Ондай өзара байланыстылықты

экоеріктіліер қозғалысы мен кәсіби дайындау мазмұнының интеграциясы принципіне сүйеніп жүзеге асыруға болады.

Біздің көзқарасымызша, экоеріктілер қозғалысын екі түрлі яғни эоценристік және анторопоцентристік педагогикалық тәсілдемелерді ескере отырып дамытуға болады [6].

Бұған дейін осы мақаланың авторлар тобы білім беру бағдарламаларының (мамандықтар бойынша) мазмұнында экологиялық компонентті анықтау бойынша жүргізілетін жұмыс жүйесі ұсынылған болатын. Барлық мамандықтарға арналған типтік экокомпонент № АР05132519 «Жоғары білім беру жүйесін экологияландыру студенттердің рухани санасын модернизациялаудың инновациялық жолы ретінде» деп аталатын ғылыми жобаның аясында жарық көрген «ЖОО Экологиялық төлқұжатында» сипатталған болатын [7].

Қарастырылатын мәселені тұтастықта зерттеудің қажеттілігі сонда, қойылған мәселені шешуде мектепте білім беруді, сондай-ақ техникалық және кәсіби білім беру аяларын қамти отырып қарастыру маңызды болып саналады. Біз сипаттап отырған қағидалардың практикаға енгізілуін ескере отырып, қазіргі уақытта мектептегі, колледждегі, және жоғары оқу орнындағы пәндер аясында берілген экологиялық компоненттерді жүйеге түсіру жұмысы жүргізілуде.

Бүгінгі таңда білім беру ұйымдарында оқылатын пәндердің жекелеген тақырыптарын меңгерту барысында, жекелеген элективті курстарды оқыту аясында және тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастыру барысында білім беру мазмұнын экологияландыру бойынша белгілі бір деңгейдегі ақпарат жинақталған. Осы бағытта жүргізілген жұмыстар, бұдан әрі қарай бізге мектепте, колледжде және жоғары оқу орнында экологиялық бағыттағы жүйелі жұмысты ұйымдастыру тетіктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеу әдіснамасы

Бұл зерттеу үшін негізгі жалпығылыми әдісі ретінде құрылымдық-функционалдық тәсілдемені, жүйелі тәсілдемені алып, олардың «жасыл мектеп – жасыл колледж – жасыл жоғары оқу орны» жүйесінің белгілі бір дәрежедегі тұтастығының аясындағы жекелеген компоненттердің өзара байланысын орнатуға сеп болатын мүмкіндіктерін тиімді пайдалану көзделінеді.

Жұмыста қолданылатын модельдеу әдісі «жасыл мектеп – жасыл колледж – жасыл жоғары оқу орны» жүйесінің маңызды буыны болып табылады.

Білім беруді экологияландыру әдіснамасы біртұтас қалыпта болуы тиіс, тек сол арқылы ғана мектеп деңгейіндегі жас экоеріктіде экологиялық мәдениет пен соған сәйкес компоненттер қалыптасады. Осындай маңызды болып табылатын экологиялық мәдениет пен соған сәйкес компоненттер мектеп кезінен бастап қалыптасады және кәсіби дайындық барысында одан әрі қарай жалғастырылады.

Мектеп, колледж және жоғары оқу орны кезеңдеріндегі экологияландырудың сабақтастығы «Жасыл мектеп – жасыл колледж – жасыл университет» моделіне негізделуі тиіс.

Модель ғылыми негізде құрастырылады, оның бастапқы тірек материалы болып, ең алдымен, білім алушының экоерікті ретіндегі тұлғасы қызмет етеді.

Білім алушының жас ерекшелігін ескеру, оқытудың түрлі кезеңдеріндегі іс-әрекеттерінің мазмұнын олардың құзыреттілігін де сол деңгейлерге сәйкес бөлуді керек етеді. Осымен байланысты, экологиялық іс-әрекеттің типтік дағдылары сәйкесінше оқыту деңгейлері бойынша айқындалып жазылуы керек. Біздің пікірімізше, деңгейлік құрылымды дәстүрлі жолмен, атап айтсақ, келесідей етіп көрсету орынды болады: бастауыш мектеп – негізгі мектеп – жоғары мектеп/колледж – бакалавриат – магистратура – докторантура.

Жоғары мектеп пен колледж аясында қарайтын болсақ, кейбір мәселелерді нақтылап көрсету керек, өйткені, оқытуды кәсібилендіру мен кәсіби оқыту өзара тең мағыналы ұғымдар деп түсінуге болмайды. Жоғары мектепте кейбір пәндердің мазмұны тереңдетіліп берілген, ал колледждерде кәсіби дайындық іске асырылады. Бірақ колледжге тек 9 сыныптан соң немесе 11 сыныптан кейін түсе алатыны белгілі. Бұл ерекшеліктер экоеріктің моделін сипаттау барысында ескерілуі тиіс, ол, өз кезегінде, «Жасыл мектеп – жасыл колледж – жасыл университет» моделін әзірлеудегі сабақтастықты сақтаудың, жұмысты бірізділікен ұйымдастырудың маңызды негізі болып табылады.

Экоеріктің моделі білім алушылардың құндылықтарына, мотивтеріне және қызығушылық мүдделеріне негізделетін болады.

Психология ғылымында құндылық ұғымы тірек факторларды түсіну үшін қажетті маңызды аспекті ретінде түсініледі, ол адамның әрекеттеріне, ұмтылысы мен бағдарларына үлкен ықпалын тигізеді. Мотив болса, адамның ішкі өзіндік дауысы ретінде немесе сыртқы жағдаят ретінде, белгілі бір әрекетке жетелейді. Ал қызығушылық мүдде, жеке тұлғаның өз іс-әрекетінің мақсаттарының бағыт-бағдарын қамтамасыз ететін танымдық қажеттіліктің көрінісі ретінде танылады.

Нәтижелер

Білім беру мазмұнын экологияландырудың құндылық-мотивациялық негіздерінің сипаттары 1 кестеде көрсетілді.

Кесте 1

Оқытудың түрлі кезеңдерін экологияландырудың типтік мазмұны

№	Оқыту деңгейлері	Психологиялық ерекшеліктері және дидактикалық талаптар	Білім беру мазмұнын экологияландырудың құндылық-мотивациялық негіздері
1	Бастауыш мектеп	Балалардың танымдық қызығушылығы жоғары, қоршаған әлемді танып-білуге белсене қатысады, ақыл-кеңестердің барлығына ден қойып, құлақ асады, үлкендердің	<i>Игерілуі тиіс құндылықтар:</i> табиғат өзіне қамқорлық жасаған адамға қазынасын сыйлайды. Табиғат өзіне аяусыз қараған адамдарды жазалайды. Дәлелдер: адамзаттың халық ауыз әдебиеті мен шығармашылығында көрініс тапқан тәжірибесінен мысалдар.

		<p>әңгімелерін аксиома ретінде қабылдайды. Осы жасында арнайы іріктеліп алынған дидактикалық материалдар қажет болады: табиғат пен адамның байланысы туралы ертегілер, аңыздар, мақал-мәтелдер, мысалдар. Материалдар барлық оқылатын пәндердің мазмұнында қамтылып, осы жастағы балаларға түсінікті болуы тиіс</p>	<p><i>Экологиялық іс-әрекеттің мотивтері:</i> ата-бабалардың ізімен әрекет ету; табиғатпен ізгілікті қарым-қатынас жасайтын әдеби шығармалардың кейіпкерлерінен үлгі алу; табиғат пен адамның ара қатынасындағы тепе-теңдіктің бұзылуын көрсе, бейжай өтіп кетпеу; өзін қоршаған ортаға, табиғатқа әрдайым қамқоршы болудың үлгісін көрсету.</p> <p><i>Қызығушылық мүдделері:</i> экологиялық бағыттағы іс-шараларға қатысу: әдеби шығармалардан алынған экоүзінділер; өндіріс басшысының рөлін ойнау; табиғат ресурстарын ұқыпты пайдаланудың экономикалық есеп-қисабын жасауға конкурс жариялау; үй шаруашылығын жүргізуді жоспарлау тапсырмалары; эссе конкурстары; мәнерлеп оқу конкурстары; пікірталас, пікірталас-диспут; конференция; прогрессивті пікірталас; пікірталас-жарыс; еркін тақырыптар бойынша пікірталас.</p>
2	Негізгі мектеп	<p>Оқушылар өздерін қоршаған ортаны және адамзат құндылықтарын саналылықпен қабылдайды, үлгілі болуға тырысады, экологиялық сипаттағы бұзушылыққа сыни қарауға қабілетті, экологиялық мазмұндағы материалды іріктей біледі, өмірдегі және фильмдердегі/әдеби шығармалардағы жақсы және теріс оқиғаларды танып-білуге және оларға деген өзінің көзқарасын білдіруге дайын болады, ересектердің мақсатты сыртқы бағдар беруімен сыртқы оқиғаларға бақылау жасай алады, мәселелерді шешу бойынша бірқатар шаралар қабылдай алады, ересектердің жүйелі</p>	<p>Игерілуі тиіс құндылықтар: табиғат өзіне заманауи қоғамның арнайы қамқорлық жасауын талап етеді. Табиғатқа адам баласының біртұтас қамқорлық жасауы аса қажет, «табиғатқа зиян келтірмеу» тұрғысынан «зәредей болса да экологиялық бұзушылыққа жол бермеу» тұрғысына қарай өту, орын алып отырған немесе туындап келе жатқан экологиялық мәселелерді жою бойынша қатаң шаралар қабылдау ішкі жан-дүниеңнен туындаған парыз, экологиялық қозғалысқа қатысуға деген қажеттіліктің ішкі шынайы сенімнен туындауы, өзін қоршаған ортаның амандығы үшін жеке жауапкершіліктің болуы, адамзаттың табиғатты аялап, оған қамқор болу туралы жалпы ұстанымдарын басшылыққа алу.</p> <p><i>Экологиялық іс-әрекеттің мотивтері:</i> айнала қоршаған ортаның экологияға деген сүйіспеншілігі, құрметі, ғылыми</p>

		<p>жұмысы барысында жеке мінез-құлық ережелерін жасап алуға қабілетті (ата-аналар мен педагогтердің тәрбиелік іс-әрекеттерінің интеграциясы), табиғатты қорғау бойынша белсенді өмірлік көзқарасын қалыптастыруға қабілетті болады. Дидактикалық талаптар: меңгертілетін материалдар қолжетімді және қызықты болуы тиіс (электрондық дамытушы ойындар), жобалардың тақырыптары оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай болуы міндетті, зерттеу нысандары нақты сипатта болып, баланы қоршаған ортадан алынғаны дұрыс, осы жаста оқылатын материалдың мазмұнына сәйкес немесе жақын келуі қажет.</p>	<p>жобаларды орындау, қоғамның пайдалы мүшесі болу, ересектердің (ата-аналардың, педагогтердің) қолдауы, экологиялық бағдардағы клубтармен, қоғамдастықтармен бейресми байланыста болу, қоғамдық міндеттемелер, халықаралық іс-шараларға қатысу ниеті, шетелдік құрбы-құрдастарымен қарым-қатынас жасау, экологияның танып-білуге деген зерделілігі; педагогтің немесе ғалымның жетекшілігімен экологиялық мәселелерді зерттеу, экоқоғамдастыққа мүше болу (экоклуб т.б.)</p> <p><i>Қызығушылық мүдделері:</i> экологиялық бағдарлы үйірмелерге, клубтарға, секцияларға қатысу (сенбіліктер, конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер, ұжымдық кітап оқу), экологиялық бағдарлы түрлі конкурстарға қатысу, экологиялық қозғалыстарға белсене қатысу, экологиялық мәселелер бойынша материалдар жинау.</p>
3	Жоғары мектеп	<p>Оқушылар экологиялық ережелерді сақтау туралы берік орныққан өмірлік ұстанымдарды басшылыққа алуға қабілетті, экологиялық сипаттағы бұзушылыққа жаны қас болуы тиіс, экоқозғалыстар қоғамдастығына мүше болу, бағдарламадағы меңгертілетін материалдың экологиялық қырларына қызығушылық таныту, экологиялық тақырыптарды педагогтің немесе/ және ғалымның жетекшілігімен ғылыми тұрғыдан зерттеу.</p>	<p><i>Игерілуі тиіс құндылықтар:</i> табиғаттың заңдылықтарын сақтауда, адам өміріне тірек болатын қолдау қажеттілігі үшін табиғи ресурстарды бірқалыпты пайдалануда жалпыдамзаттық, ұлттық мәдени ұстанымдарды басшылыққа алу, негізгі экоұғымдарды меңгеру, ғалымдар мен ақын-жазушылардың, шығармашыл тұлғалардың тірек идеяларын білу (жағдаяттарға байланысты оларға сүйену), оқып-меңгертілетін пәндердің мазмұнындағы экологиялық компоненттер арқылы тұрақты даму негіздерін білу, өз өмірі үшін, әр қылығы мен іс-әрекеті үшін, олардың салдарлары үшін жауапкершілігінің деңгейі.</p> <p><i>Экологиялық іс-әрекеттің мотивтері:</i> еліне, қоғамға, тұтас әлемге пайдалы болуға деген арман-қалауы; экологиялық тақырып бойынша зерттеу</p>

			<p>жобасын орындау; экологиялық бағдарлы пәндер бойынша тәжірибелік жұмыстар жүргізу; экологиялық мәселе бойынша жеке және топтық жұмыстар орындау; эко клубтар мен экоүйірмелердің жұмыстарына қатысу; экологиялық қозғалыстарды дамыту бойынша төменгі сыныптарды қамқорлыққа алу; экологиялық сипаттағы бұзушылыққа қарсы тұру. Қызығушылық мүдделері: Қоршаған ортаның экологиялық қырларын қызығушылықпен танып-білуге ұмтылу, «Адам - Табиғат»; «Қоғам - Табиғат»; «Адамзат - Табиғат» қатынастарының заңдылықтары жөніндегі кітаптар оқып, фильмдерді қарау; экологиялық тақырып бойынша зерттеу жүргізу, экологиялық форумдарда және конференцияларда пікір алмасу, аула клубтарында белсенді экологиялық жұмыс жүргізу т.б.</p>
4	Колледж	<p>Білім алушылар экологиялық ережелерді сақтауда өздерінің орныққан өмірлік позицияларын берік тұтуға қабілетті. Олар экологиялық бұзушылықтың қай түріне болса да қарсы тұрады, экоқозғалыстар бойынша қауымдастықтар құрады, экоқозғалыстарға белсене араласады, өзінің болашақ мамандығы саласының экологиялық қырларына қызығушылығы жоғары болады, педагогтердің, жұмыс берушінің және/немесе ғалымдардың жетекшілігімен экологиялық тақырыптарды зерттейді.</p>	<p><i>Игерілуі тиіс құндылықтар:</i> табиғаттың заңдылықтарын сақтауда, адам өміріне тірек болатын қолдау қажеттілігі үшін табиғи ресурстарды бірқалыпты пайдалануда жалпыадамзаттық, ұлттық мәдени ұстанымдарды басшылыққа алу, экология саласы бойынша қажетті ұғымдық аппараттарды игеру, ғалымдар мен ақын-жазушылардың, шығармашыл тұлғалардың тірек идеяларын білу (жағдаяттарға байланысты оларға сүйену), оқылатын жалпы білім беру және бейіндік пәндердің мазмұнының экологиялық компоненттеріне сүйене отырып, тұрақты даму негіздерін білу.</p> <p><i>Экологиялық іс-әрекеттің мотивтері:</i> колледжде білім алу барысындағы белсенді экологиялық әрекеттер, экологиялық белсенділікті марапаттау, ынталандыру, колледждегі экологиялық әрекетті дамытудың жоспарлы жүйелі жұмыстары, студенттер қызығушылығын оятатын іс-шаралары</p>

			<p>мол экоклуб болуы, экологиялық қозғалысты дамыту бойынша сабақтан тыс уақытта жүргізілетін жүйелі жұмыс, оқылатын барлық дерлік курстардың мазмұнында экологиялық компоненттің айқын көрініс табуы.</p> <p><i>Қызығушылық мүдделері: оқып-меңгерілетін пәндер бойынша экологиялық мазмұндағы жеке және топтық тапсырмаларды орындау, оқытушының немесе жоғары оқу орнында қызмет ететін ғалымның жетекшілік етуімен өзін қызықтыратын экологиялық тақырып бойынша зерттеу жүргізу, болашақ мамандығы аясындағы экологиялық мәселелердің шешімін іздеу (басқа елдердің тәжірибені зерделеу, оқытушының немесе өндірісте жұмыс жасайтын маманның жетекшілігімен эксперименталдық жұмыстар жүргізу).</i></p>
5	Бакалавриат	<p>Бірінші курстың алғашқы күндерінен бастап студенттерді экологиялық қозғалысқа баулу, олардың экологиялық мәселелерді сыни тұрғыдан қабылдау қабілеттері жоғары және батыл шешімдер ұсына алады, интернеттен ақпарат іздеу, өңдеу, сақтау қабілеттері жоғары және белсенді, экологиялық мәселелер бойынша халықаралық ынтымақтастық орнату, ғылыми мақалалар жазу, ғылыми идеяларымен ғылыми конференцияларда, форумдарда ой бөлісу.</p>	<p><i>Игерілуі тиіс құндылықтар:</i> табиғаттың заңдылықтарын сақтауда, адам өміріне тірек болатын қолдау қажеттілігі үшін табиғи ресурстарды бірқалыпты пайдалануда жалпыадамзаттық, ұлттық мәдени ұстанымдарды басшылыққа алу, экология саласы бойынша қажетті ұғымдық аппараттарды игеру, ғалымдар мен жазушылардың, шығармашыл тұлғалардың тірек идеяларын білу (жағдаяттарға байланысты оларға сүйену), оқылатын арнайы пәндердің мазмұнының экологиялық компоненттеріне сүйене отырып, экологиялық мәселелерді шешудегі экологиялық белсенді іс-әрекеттің қажеттілігін саналы түрде түсіну.</p> <p><i>Экологиялық іс-әрекеттің мотивтері:</i> студент жастардың университеттегі белсенді экологиялық қозғалысы, университеттің біртұтас «жасыл» саясаты, жастардың экологиялық белсенділігін рейтингілеу үшін</p>

			<p>факультетаралық эоконкурстар өткізу, экологиялық мәселелер бойынша жоспарлы ғылыми конференциялар мен семинарлар, еліміздегі және әлемдегі көшбасшы орындағы «жасыл университеттермен» қарқынды университетаралық және халықаралық ынтымақтастық орнату, студент жастардың экологиялық еріктілігін дамыту бойынша құрылған эко-клубтардың жұмысын қарқындату, арнайы пәндерді меңгеру барысында зерттеу жұмыстарын орындау, өндірістік практика аясында өндірістегі экологиялық мәселелерді зерттеу, ғылыми конференциялар мен форумдарда экологиялық идеяларды қорғау, эоклубтағы атқарылған экологиялық іс-әрекет бойынша жеке және ұжымдық есеп берулер, медицинастікке қатысу, болашақ мамандығы аясында мультипәнаралық негізде экологиялық тақырып бойынша жобалар орындау, ерікті түрде әлеуметтік экологиялық жобалар мен қозғалыстарға қатысу, эоеріктілік іс-әрекетте қол жеткен жетістіктері үшін әкімшіліктің әлеуметтік жеңілдіктер ұсынуы; университеттің экологиялық бағдарлы диплом жұмысының тақырыптарын айқындауда өндіріс орындарымен байланысын ұйымдастыру.</p> <p><i>Қызығушылық мүдделері:</i> әлемде болып жатқан экологиялық мәселелердің ғылыми шешімдерін үздіксіз бақылап отыру, қоршаған ортадағы және өндірістердегі экологиялық мәселелерге қызығушылық таныту, экологиялық мәселелерді шешудің баламалы жолдарын іздеу, экологиялық мәселелерді сабақтастық негізде шешу бойынша құрылған оқытушылар мен студенттердің шығармашылық тобында жұмыс жасау, шетелдік эковолонтерлермен байланыс орнату, экологиялық мәселелер бойынша әлеуметтік желілерге қатысу.</p>
6	Магистратура	Магистранттар өз мамандықтары аясындағы	<i>Игерілуі тиіс құндылықтар:</i> табиғаттың заңдылықтарын сақтауда

		<p>барлық экологиялық мәселелерді жүйеге түсіру жолдарын біледі, шешімнің бірқатар жолдарын ұсына алады, студенттер мен мектеп оқушыларының экологиялық іс-әрекеттерін басқара алады, мамандығы бойынша тақырыптар мен экология бойынша тақырыптардың интеграциялануы туралы ғылыми әдебиеттерді қарқынмен оқып-меңгереді, халықаралық ынтымақтастық орнатып, экологиялық бағдарлы барлық ғылыми және академиялық іс-шараларға белсене қатысады.</p>	<p>адам өміріне тірек болатын қолдау қажеттілігі үшін табиғи ресурстарды бірқалыпты пайдалануда жалпыадамзаттық, ұлттық мәдени ұстанымдарды басшылыққа алу, ғалымдар мен жазушылардың, шығармашыл тұлғалардың тірек идеяларын білу (жағдаяттарға байланысты оларға сүйену), оқылатын арнайы пәндердің мазмұнының экологиялық компоненттеріне сүйене отырып, экологиялық мәселелерді шешудегі экологиялық белсенді іс-әрекеттің қажеттілігін саналы түрде түсіну, арнайы пәндердің мазмұнындағы экологиялық компоненттерге сүйене отырып, тұрақты даму негіздерін білу, белсенді экологиялық іс-әрекеттің маңызын саналы түрде түсіну, жастардың және тұрғындардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру бойынша жұмыстың маңызын, бұл жұмыстың үздіксіз және сабақтастықпен жүргізілуі тиіс екендігін, өз мамандығы/кәсібі аясында экологиялық мәселелерді шешу қажеттілігін саналы түрде түсіну.</p> <p><i>Экологиялық іс-әрекеттің мотивтері:</i> мамандық аясында экологиялық жұмыстар жүргізу бойынша біртұтас университеттік саясат ұстану, кафедраларды студент жастардың экологиялық қозғалыстарына тартып, оларды қамқорлыққа алу, экоклубтың біртұтас типтік жоспары арқылы кафедрада жоспарлы іс-шаралар өткізу, экологиялық мәселелердің магистрлік диссертация аясындағы шешім табуы (қажеттілік және мүмкіндік бойынша), ғылыми мақалаларды жариялау және ғылыми конференцияларға, форумдарға қатысып, баяндама оқу, әкімшілік тарапынан материалдық ынталандыру, қоғамда белсенді өмірлік орнын тауып, берік орнығуға ұмтылу.</p>
--	--	--	---

			Қызығушылық мүдделері: білім алушылар арасында экологиялық бағдарлы тәрбиелік іс-шаралар жүргізу, өзінің ғылыми идеяларын студент жастармен жұмыс жасау барысында апробациялау арқылы экоклубтың жұмыстарына белсене қатысу.
7	Докторантура	Докторанттар экологиялық мәселелерді шешу жөнінде жаңашыл идеяларды ұсынуға, экологиялық бағдарлы түрлі іс-шараларды өткізуде белсенді ынтымақтастық құруға қабілетті, түрліше экологиялық қозғалыстарға бастамашы болуға, экологиялық мәселелерді шешу жөнінде әкімдіктермен және жоғары оқу орны басшыларымен бірлескен жұмыстарды жүргізуге қабілетті.	Игерілуі тиіс құндылықтар: жалпыдамзаттық маңызды құндылықтарды басшылыққа алу, өзінің іс-әрекеттерінде құндылықтарды жүзеге асыру. Экологиялық іс-әрекеттің мотивтері: экологиялық мәселелерді шешуге саналы тұрғыдан келу, мамандық аясында экомәселелерді тұжырымдамалық тұрғыдан шешу, экологиялық идеяларды халықаралық деңгейге шығару, ынталандырушы шетелдік тағылымдама, қоғамда белсенді болу өмірлік ұстанымы, экологиялық бағдарлы ғылыми идеялары үшін материалдық марапаттау, халықаралық жобаларға қатысу. Қызығушылық мүдделері: экологиялық мәселелерді зерттеу аясында шешу (экокомпонентті зерттеудің мазмұнына қажеттілігі мен мүмкіндіктеріне қарай енгізу); оқушылар мен студенттердің экологиялық мәдениетін қалыптастыру бойынша міндетті қоғамдық жүктемені орындау; экобағдарлы ғылыми мақалалар жариялап, баяндамалар жасау.

Қорытынды

Жас ұрпақтың экологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың түпнегізінде біздің тарапымыздан ұсынылған оқытудың түрлі кезеңдеріндегі білім беру процесін экологияландырудың типтік мазмұны орын алған [8;9;10;11;12;13;14;15]. Оқытудың барлық кезеңдеріндегі экологияландырылған білім беруді жүзеге асырудың танымдық компоненті «Жоғары оқу орнының экологиялық Төлқұжатында» біз сипаттаған білім беру мазмұны арқылы жүзеге асырылады. Алдағы уақытта сабақтастық және үздіксіздік принциптерін негіз етіп, мектептің және колледждің экологиялық төлқұжатын құрастыру жоспарланып отыр.

Мектептегі, техникалық пен кәсіптік және жоғары оқу орындарындағы, магистратура мен докторантурадағы типтік білім мазмұнын экологияландырудың сабақтастығы

және үздіксіздігі жас мамандарды дайындаудың басым бағыттарының бір бола алады. Қазақстанның өндірістік және әлеуметтік тыныс-тіршілігінде экологиялық нормаларды күнделікті және өндірістегі өмірлік іс-әрекеттерінде қатаң сақтайтын және экоеріктілер іс-әрекетіне тартылған мамандар жеткілікті болуы тиіс.

Зерттеудің осы кезеңі «Жасыл мектеп - жасыл колледж – жасыл университет» моделі білім беруді экологияландыруды дамыту жүйесі ретінде» тақырыбындағы ғылыми-зерттеу жобасын жүзеге асыру аясында мектептегі, колледждегі және жоғары оқу орнындағы экологияландырылған білім беру процесінің технологиялық компоненті бойынша жұмысты күшейтуді қажет етеді. Экологияландырылған білім беру процесін ұйымдастыру бойынша толыққанды инструментарий керек (оқытудың тиімді дидактикалық жолдарын іріктеу және тәрбиелік бағыттағы жүргізілетін жұмысты жүйелеу). Осы ретте жоғарыда көрсетілген жоспардағы әрбір кезеңге арналған, жас ерекшеліктеріне сәйкес «Экологиялық кейс» әзірлеу де алға қойылған мәселені экодидактикалық тұрғыдан қамтамасыз етудің бір тиімді жолы бола алады деп санаймыз.

Экологияландырылған білім беру процесінің тиімділігі экоерікті моделінен, білім мазмұнының экокомпонентінен және оқытуда пайдаланылатын құралдардан туындайтын, талданып-танылған бағалау критерийлеріне байланысты болады. Аталған мәселелер алдағы уақытта ұсынылатын мақалаларда қарастырылатын болады.

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің АР14869631 «Жасыл мектеп-жасыл колледж-жасыл университет» білім беруді экологияландыруды дамыту жүйесі ретінде» 2022-2024 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру ғылыми жобасын іске асыру шеңберінде дайындалған.

Авторлардың қосқан үлесі

Длимбетова Г.К. – зерттеудің тұжырымдамалық жоспарлауы мен жалпы дизайнына басшылық жасап, логистикалық міндеттерді жауапкершілігіне алып, бастапқы деректерді талдауда шешуші рөл атқарды. Автор модельді ғылыми негізде құрастырды.

Булатбаева К.Н. – мектеп, техникалық және кәсіптік, жоғары білім беру кезеңдерінде, сондай-ақ магистратура және докторантура кезеңдерінде экологияландыру мазмұнының сабақтастығын ашты. Зерттеудің аналитикалық аспектісін қалыптастыруда маңызды рөл атқарды.

Абенова С.У. – ғылыми мақаланың кіріспесін, мақсаттары мен міндеттерін жазды, нәтижелер бөліміне айтарлықтай үлес қосты. Авторлық бірлестікте барлық бөлімдердің тұтастығы мен үйлесімділігін қамтамасыз ететін ғылыми мақаланың қолжазбасының қорытынды нұсқасын дайындады.

Тайбулдинова С.А. – осы саладағы қазақстандық және шетелдік зерттеулердің нәтижелерін талдауға қатысты. Барлық авторлар мақаланы редакциялауға қатысып, қолжазбаға тән көп қырлы академиялық қатаңдықты сақтады.

Әдебиеттер тізімі

1. Картаслов.ру [Электрон. Ресурс]. – URL: <https://kartaslov.ru/> (дата обращения 14.02.2023).

2. List of environmental organizations [Электрон. Ресурс]. – URL: https://en.wikipedia.org/wiki/List_of_environmental_organizations (дата обращения 12.03.2023).
3. Экологические движения и организации мира. Международные экологические организации в России. Неправительственные международные организации [Электрон. Ресурс]. – URL: <https://macally.ru/name-values/ekologicheskie-dvizheniya-i-organizacii-mira-mezhdunarodnye-ekologicheskie-organizacii-v-rossii-neprav> (дата обращения 14.01.2023).
4. ЭКО образование в РК: экологический предмет в школах и координационный совет [Электрон. Ресурс]. – URL: <https://strategy2050.kz/ru/news/eko-obrazovanie-v-rk-ekologicheskiiy-predmet-v-shkolakh-i-koordinatsionnyy-sovets/> (дата обращения 21.02.2023).
5. Жануарларды қорғау туралы заң, Экологиялық кодекс және жасыл энергетика — Қазақстанда экологияны дамыту және табиғи ресурстарды қорғау (онлайн-брифинг) [Электрон. Ресурс]. – URL: <https://primeminister.kz/kz/news/reviews/zhanuarlardy-korgau-turaly-zan-ekologiyalyk-kodeks-zhane-zhasyl-energetika-kazakstanda-ekologiyany-damytu-zhane-tabigi-resurstardy-korgau-50245> (дата обращения 28.01.2023).
6. Dlimbetova, G.K.; Abenova, S.U.; Mandykayeva A.R.; Stukalenko N.M.; Bakirova K.S. Environmentally-oriented training in the process of the professional programme for students // *Periodico Tche Quimica* – Vol. 16(33), 369-391, 2019
7. Экологический паспорт высшего учебного заведения. – Нур-Султан: ИП Булатов А.Ж. 2020. – 63 с.
8. Длимбетова Г.К., Булатбаева К.Н., Дзятковская Е.Н., Бакирова К.Ш., Абенова С.У. Экологизация деятельности вуза: учебно-методическое пособие для курсов повышения ППС вуза. - Нур-Султан: ИП «Булатов А.Ж.», 2020. – 170 с.
9. Riley, K., & Proctor, L. A physical education/environmental education nexus: Transdisciplinary approaches to curriculum for a sense of belonging // *Australian Journal of Environmental Education*.-2022.- Vol. 38(3-4), 267-278. <https://doi.org/10.1017/aee.2021.29>
10. Rosario Del Rey, Mónica Ojeda, Joaquín A. Mora-Merchán, M. Nieves Sánchez-Díaz, Beatriz Morgadoa Environmental education: effects on knowledge, attitudes and perceptions, and gender differences // *International Research in Geographical and Environmental Education*. – 2022. – Vol. 31(4), 282-303. <https://doi.org/10.1080/10382046.2021.1977004>
11. Isabel Ruiz-Mallén, Mar Satorras, Hug March & Francesc Baró // *Community climate resilience and environmental education: Opportunities and challenges for transformative learning*. – 2022. Vol. 28(7), 1088-1107. <https://doi.org/10.1080/13504622.2022.2070602>
12. Dlimbetova G., Abenova S.U., Sadykova S., Primbetova A. Integrating Sustainability into Education: An Exploration of "Green School -Green College-Green University" Approach // *European Journal of Contemporary Education* – 2023. – Vol. 12 (4), 1175-1184. DOI: 10.13187/ejced.2023.4.1175
13. Dlimbetova G., Kurmanbayev R., Akimish D., Toktaganova, G., Zharmenova, B. The effectiveness of socio-economic mechanisms in environmental education of young people in Kazakhstan // *Economic Annals-XXI*. 203(5-6)'2023. P.59-69. <https://doi.org/10.21003/ea.V203-07>
14. Cuadrado, E., Taberner, C., García, R., Luque, B. The interactive effect of pro-environmental disciplinary concentration under cooperation versus competition contexts // *Environmental Education Research*. – 2017. Vol. 23, 797-811. <http://dx.doi.org/10.1080/13504622.2015.1095860>
15. Otto, S., Pensini, P. Nature-based environmental education of children: Environmental knowledge and connectedness to nature, together, are related to ecological behavior. *Global Environmental Change*. – 2017. Vol. 47: 88-94. <https://doi.org/10.1016/j.gloenvcha.2017.09.009>

Г.К. Длимбетова¹, К.Н. Булатбаева², С.У. Абенова¹, С.А. Тайбулдинова¹

¹Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

²Национальная академия образования имени И. Алтынсарина, Астана, Казахстан

Экологизация образовательного процесса на разных этапах обучения молодежи: ценностно-мотивационные основы

Аннотация. Основное направление экологической политики – формирование системы, охватывающей все структуры общества посредством непрерывного экологического образования. При этом на каждом этапе обучения ведется учет достигнутых обучающимися результатов предыдущего периода. Соответственно, для формирования новой экопостановки важным является развитие экологически ориентированной деятельности обучающихся. Знания обучающихся должны быть подкреплены практико-ориентированной экологической компетенцией. В статье авторы рассматривают преемственность содержания экологизации образования, начиная со школьного периода, в период получения технического и профессионального, высшего образования, а также в период магистратуры и докторантуры. Принцип сохранения преемственности дидактики в обучении предполагает, что она связана с принципом учета возрастных особенностей обучающихся, принципом учета психологического аспекта развития личности и другими принципами. Материалы, представленные в статье, позволяют в дальнейшем развивать идею преемственности экологизации образования через содержание образования, в процессе обучения и следствия результатов обучения. Практическая значимость исследования признается на основе предлагаемой типовой содержательной модели экологизации образовательного процесса на различных этапах обучения.

Ключевые слова: экологизация, «зеленая школа», «зеленый колледж», «зеленый университет», типовое содержание экологизации, экологичность, ценности, мотивы и интересы, интересы.

G.K. Dlimbetova¹, K.N. Bulatbayeva², S.U. Abenova¹, S.A. Taibuldinova¹

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

²National Academy of Education named after Y. Altynsarin, Astana, Kazakhstan

Ecologization of the educational process at different stages of youth education: value-motivational foundations

Abstract. The main direction of environmental policy is the formation of a system of continuous environmental education, covering all structures of society. At the same time, the results of the students of the previous stage of training are taken into account. Therefore, for the formation of a new eco-generation, it is important to develop eco-oriented activities of students. Students' knowledge should be supported by practice-oriented environmental competence. The authors reveal the continuity of the content of ecologization at the stages of school, technical and vocational and higher education, as well as at the stages of master's and doctoral studies. The didactic principle of continuity of learning also implies a relationship with other principles: taking into account the age characteristics of students,

taking into account the psychological aspect of personality development, etc. The proposed material of the article will allow in the future to develop the ideas of continuity of the greening of education through the content, the learning process and the process of tracking learning outcomes. The practical significance of the study lies in the proposed model of the typical content of the ecologization of the educational process at different stages of learning.

Keywords: ecologization, "green school", "green college", "green university", typical content of ecologization, eco-volunteering, values, motives and interests.

References

1. Kartaslov.Ru [electron. Resource]. – Available at: <https://kartaslov.ru/>, [in Russian] (accessed 14.02.2023).
2. List of environmental organizations [electron. Resource]. – Available at: https://en.wikipedia.org/wiki/List_of_environmental_organizations, [in Russian] (accessed 12.03.2023).
3. Ekologicheskie dvizheniia i organizatsii mira. Mejdýnarodnye ekologicheskie organizatsii v Rossii. Nepravitelstvennye mejdýnarodnye organizatsii [Ecological movement and organization of the world. International environmental organizations in Russia. Non-governmental international organizations]. – Available at: <https://macally.ru/name-values/ekologicheskie-dvizheniya-i-organizacii-mira-mezhdunarodnye-ekologicheskie-organizacii-v-rossii-nepravi/>, [in Russian] (accessed 14.01.2023).
4. EKO obrazovanie v RK: ekologicheski predmet v shkolah i koordinatsionnyi sovet [Eco Education in the Republic of Kazakhstan: environmental conditions in schools and Coordination Council]. – Available at: <https://strategy2050.kz/ru/news/eko-obrazovanie-v-rk-ekologicheskiy-predmet-v-shkolakh-i-koordinatsionnyy-sovet-/>, [in Russian] (accessed 21.02.2023).
5. Zhanuarlardy qorǵau turaly zań, Ekologiyalyq kodeks zháne zhasyl energetika — Qazaqstanda ekologiyany damytu zháne tabiri resurstarty qorǵau (onlajn-brifing) [Animal Protection Law, Environmental Code and green energy — development of ecology and protection of natural resources in Kazakhstan (online briefing)]. – Available at: <https://primeminister.kz/kz/news/reviews/zhanuarlardy-korgau-turaly-zan-ekologiyalyk-kodeks-zhane-zhasyl-energetika-kazakstanda-ekologiyany-damytu-zhane-tabigi-resurstarty-korgau-50245>, [in Russian] (accessed 28.01.2023).
6. Dlimbetova, G.K., Abenova, S.U., Mandykayeva A.R., Stukalenko N.M., Bakirova K.S. Environmentally-oriented training in the process of the professional programme for students // Periodico Tche Quimica – Vol. 16(33), 369-391, 2019
7. Ekologicheski passport vysshego ýchebnogo zavedeniia. – Nýr-Sýltan: IP Býlatov A.Zh. [Environmental passport of the highest educational institution. - Nur-Sultan: IP Bulatov A.Zh.] 2020. - 63 P., [in Russian].
8. Dlimbetova G.K., Býlatbaeva K.N., Dziatkovskaya E.N., Bakirova K.Sh., Abenova S.Ý. Ekologizatsiia deiatelnosti výza Ýchebno-metodicheskoe posobie dlia kýrsov povysheniia PPS výza Nýr-Sýltan: IP «Býlatov A.Zh.» [Dlimbetova G. K., Bulatbaeva K. N., Dziatkovskaya E. N., Bakirova K. Sh., Abenova S. U. Environmentalization activities of the University of educational and methodological support for the course improvement of the PPS University of Nur-Sultan: IP "Bulatov A. Zh."], 2020. - 170 S., [in Russian].
9. Riley, K., & Proctor, L. A physical education/environmental education nexus: Transdisciplinary approaches to curriculum for a sense of belonging // Australian Journal of Environmental Education.-2022.- Vol. 38(3-4), 267-278. <https://doi.org/10.1017/aee.2021.29>

10. Rosario Del Rey, Mónica Ojeda, Joaquín A. Mora-Merchán, M. Nieves Sánchez-Díaz, Beatriz Morgadoa Environmental education: effects on knowledge, attitudes and perceptions, and gender differences // International Research in Geographical and Environmental Education. – 2022. – Vol. 31(4), 282-303. <https://doi.org/10.1080/10382046.2021.1977004>
11. Isabel Ruiz-Mallén, Mar Satorras, Hug March & Francesc Baró // Community climate resilience and environmental education: Opportunities and challenges for transformative learning. – 2022. Vol. 28(7), 1088-1107. <https://doi.org/10.1080/13504622.2022.2070602>
12. Dlimbetova G., Abenova S.U., Sadykova S., Primbetova A. Integrating Sustainability into Education: An Exploration of "Green School -Green College-Green University" Approach // European Journal of Contemporary Education – 2023. – Vol. 12 (4), 1175-1184. DOI: 10.13187/ejced.2023.4.1175
13. Dlimbetova G., Kurmanbayev R., Akimish D., Toktaganova, G., Zharmenova, B. The effectiveness of socio-economic mechanisms in environmental education of young people in Kazakhstan // Economic Annals-XXI. 203(5-6)'2023. P.59-69. <https://doi.org/10.21003/ea.V203-07>
14. Cuadrado, E., Taberner, C., García, R., Luque, B. The interactive effect of pro-environmental disciplinary concentration under cooperation versus competition contexts // Environmental Education Research. – 2017. Vol. 23, 797-811. <http://dx.doi.org/10.1080/13504622.2015.1095860>
15. Otto, S., Pensini, P. Nature-based environmental education of children: Environmental knowledge and connectedness to nature, together, are related to ecological behavior. Global Environmental Change. – 2017. Vol. 47: 88-94. <https://doi.org/10.1016/j.gloenvcha.2017.09.009>

Авторлар туралы мәлімет:

Длимбетова Г.К. – педагогика кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтбаев көш., 2, Астана, Қазақстан. E-mail: gainid@mail.ru

Булатбаева К.Н. – педагогика ғылымдарының докторы, профессор м.а., Ы. Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы, Мәңгілік ел көш., 8, Астана, Қазақстан. E-mail: kulzhanat.bulatbayeva@mail.ru

Абенова С.У. – PhD, психология кафедрасының аға оқытушысы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтбаев көш., 2, Астана, Қазақстан. E-mail: sauleta_astana@mail.ru

Тайбулдинова С. А. – "Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану" мамандығының докторанты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтбаев көш., 2, Астана, Қазақстан. E-mail: saniya9599@gmail.com

Сведения об авторах

Длимбетова Г.К. – профессор кафедры педагогики, доктор педагогических наук, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, ул. Сатпаева, 2, Астана, Казахстан. E-mail: gainid@mail.ru

Булатбаева К.Н. – доктор педагогических наук, и.о. профессора, Национальная академия образования Ы. Алтынсарина, ул. Мәңгілік ел, 8, Астана, Казахстан. E-mail: kulzhanat.bulatbayeva@mail.ru

Абенова С.У. – PhD, старший преподаватель кафедры психологии, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, ул. Сатпаева, 2, Астана, Казахстан. E-mail: sauleta_astana@mail.ru

Тайбулдинова С.А. – докторант специальности "Социальная педагогика и самопознание", Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, ул. Сатпаева, 2, Астана, Казахстан. E-mail: saniya9599@gmail.com

Information about authors:

Dlimbetova G.K. – Professor of the Department of Pedagogy, Doctor of Pedagogical Sciences, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2 Satpayev Str., Astana, Kazakhstan. E-mail: gainid@mail.ru

Bulatbayeva K.N. – Doctor of Pedagogical Sciences, professor, Chief Researcher of National Academy of Education named after Y. Altynsarin, 8 Mangylyk El Str., Astana, Kazakhstan. E-mail: kulzhanat.bulatbayeva@mail.ru

Abenova S.U. – Senior Lecturer of the Department of Psychology, PhD, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2 Satpayev str., Astana, Kazakhstan. Email: sauleta_astana@mail.ru

Taibuldinova S.A. – Doctoral student of the specialty "Social Pedagogy and self-knowledge", L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2 Satpayev str., Astana, Kazakhstan. E-mail: saniya9599@gmail.com